

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 190 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 7 ақпандағы № 61 Бұйрығы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің жауапкершілігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған әскери қызметшілердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 190 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 16 шілдеде № 4811 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 жыл, шілде-тамыз) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Заң департаментінің бастығы бір апта мерзімде белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және бұрын бұйрық жарияланған ресми б а с ы л ы м ғ а ж о л д а с ы н .

3. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

Министр

Ә. Жақсыбеков